

Бір жолғы талондардың құнын белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Темір аудандық мәслихатының 2010 жылғы 12 ақпандағы № 178 шешімі. Ақтөбе облысының Темір аудандық Әділет басқармасында 2010 жылдың 26 ақпанда № 3-10-121 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Темір аудандық мәслихатының 2013 жылғы 28 қаңтардағы № 82 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Темір аудандық мәслихатының 2013.01.28 № 82 Шешімімен.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 6-бабына және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексін қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 100 Заңының 36-бабының 6-тармағына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Темір ауданы бойынша бір жолғы талондардың құны № 1 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. «2009 жылға бір жолғы талондардың құнын бекіту туралы» Темір аудандық мәслихатының кезекті он үшінші сессиясының 2008 жылғы 19 желтоқсанындағы № 82 (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2009 жылғы 16 қаңтарда № 3-10-90 санымен тіркелген, 2009 жылғы 22 қаңтарда № 3 «Темір» газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылсын.

3. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат

Аудандық

сессиясының төрағасы

мәслихат хатшысы

А. ҚУАНШАЛИНА

С. ЖАНАБЕРГЕНОВА

Аудандық

мәслихаттың

2010

жылғы

12 ақпандағы № 178 шешіміне № 1 қосымша

Темір ауданы бойынша бір жолғы талондардың құны

Алым түрлері	Базар алаңында бір жолғы талондар алу құнының мөлшері (теңге)	Мерзімі

	Ж а б ы қ б а з а р л а р ү ш і н	Б а с қ а б а з а р л а р ү ш і н	
Сөреден тауар сатушылардан	200	160	1 күнге
Көп көлемдегі тауарлармен сауда жасау	150	100	1 күнге
Аз көлемдегі тауарлармен сауда жасау	100	70	1 күнге
Ет сатушылардан	400	300	1 күнге
Жерде қолдан ұсақ тауарлармен сауда жасау	30	30	1 күнге
Машинадан тауарлар сату	600	600	1 күнге
Газеттер мен журналдар	20	20	1 күнге
Тұқым, сондай-ақ отырғызу материалдары (тікпе көшет, көшет)	50	50	1 күнге
Б а қ ш а Қ о л д а н Машинадан сату	да к ы л д а р ы : с а т у 30 550	30 550	1 күнге
Саяжай және үй жанында өсірілген тірі гүлдер	50	50	1 күнге
Үй малдарына шөп сату	200	200	1 күнге
Үй малдарына, құстарына жем сату	100	100	1 күнге
Сыпырғыштар сату	20	20	1 күнге
Орман жемістерін сату	50	50	1 күнге
Балық сату	70	70	1 күнге
Саңырауқұлақ	20	20	1 күнге
Жер учаскелерін өңдеу бойынша жеке трактор иелерінің қызмет көрсетулері	200	200	1 күнге
Ү й (1 0 0 (100-250 басқа дейін)	м а л д а р ы н б а с қ а б а ғ у : д е й і н) 40 100	40 100	1 күнге
Ү й (1 0 0 (100-250 басқа дейін)	қ ұ с т а р ы н б а с қ а б а ғ у д е й і н) 10 20	10 20	1 күнге

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК